



Сыр бойы

№88 (21163) 18 маусым, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Мемлекет басшысына елдегі криминалдық ахуал және ішкі істер органдарының алдына қойылған міндеттердің орындалуы жөнінде баяндалды. 2026 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша тіркелген қылмыс саны былтырғы кезеңмен салыстырғанда 9 пайызға төмендегені айтылды. Негізгі санаттар бойынша құқықбұзушылықтың азаюы және қылмысты ашу деңгейінің артуы байқалды.

Алдын алу іс-шаралары мен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше назар аударылып отыр. Ведомство жазаның бұлтартпас қағидатын дәйекті түрде қамтамасыз етіп келеді. Есепті кезеңде өткен жылдары жасалған 1685 қылмыс ашылған. Сот төрелігінен жасырынып жүрген 574 қылмыскер, оның ішінде 89-ы шетелден табылды.

Министр Мемлекет басшысына киберқылмысқа, есірткі қылмысына, ұйымдасқан қылмысқа және экстремизмге қарсы күрес нәтижелері жөнінде ақпарат берді. Қылмыстық топтардың жолын кесу, азаматтарды қауіп-қатерлерден қорғау, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша кешенді іс-шаралар қолға алынған.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы елдегі қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық жүйені қамтамасыз ету үшін «Заң мен тәртіп» қағидатын нақты жүзеге асыру жөнінде бірқатар тапсырма жүктенді.

БАСТАМАЛАР ТУРАЛЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік төрағасының «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлықты іске асыруға арналған есебін тыңдады. Президентке аталған Жарлықты орындау аясында квазимемлекеттік секторды қысқарту және бәсекелестікті дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарылып жатқаны туралы баяндалды. Жекешелендіру жөніндегі Ұлттық кеңеснің тікелей қатысуымен 2026-2030 жылдарға арналған квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландыру жоспары бекітілді. Бәсекелестік ортаға берілетін активтердің жиынтық кірісі 3,4 триллион теңгеден құрайды.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау нәтижелеріне айрықша назар аударылды. Қабылданған шаралар бір көзден сатып алу үлесін 39 пайыздан 24 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр. Соның арқасында жалпы бюджет аясындағы бәсекелі сатып алу үлесі 6,2 - 8,1 триллион теңгеге дейін ұлғайды.

Мемлекет басшысына бизнес субъектілерінің тауар нарықтарына кіруіне тосқауыл қоятын кедергілерді жою жұмыстары, маңызды нарықтардағы өнімсіз делдалдардан арғылу бойынша қабылданған шаралар, сондай-ақ цифрлық экономиканы реттеудің жаңа тәсілдерін әзірлеу жөніндегі бастамалар туралы баяндалды.

Марат Омаров бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы заңнамалық түзетулердің алтыншы пакеті бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа тоқталды. Заң жобасында бәсекелестік саясаттың тиімділігін арттыруға, монополияланған нарықтардағы бақылауды күшейтуге, монополияға қарсы реттеуді жетілдіруге және экономиканың мемлекеттік сектордағы үлесін одан әрі қысқартуға бағытталған жеті жүйелі бағыт көзделген.

Кездесу соңында Президент Агенттік төрағасына бірқатар нақты тапсырма берді.



Президент саябағында субұрқақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол мен футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орналасқан.

Мұнда 15 түрлі 2018 түп ағаш көшеті, 16 түрлі 53189 түп бұта және 17 түрлі 54546 көпжылдық гүл көшеті отырғызылып, 2,7 гектарга газон төселген. Жасыл желек спринклерлік және тамшылату жүйелері арқылы суарылады.

Жалпы аумағы 30,94 гектар саябақтың 32,07 пайызы абаттандырылған, 64,8 пайызы көгалдандырылған, 1,66 пайызында қосымша ғимараттар мен құрылыстар, 1,47 пайызында субұрқақтар орналасқан.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қала аумағындағы бірқатар нысанды аралап шығып, алдымен заманауи демалыс аймағындағы көркейткіз-көгалдандыру жұмыстарын көрді.

ЖАҒАЛАУ ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТАЗА БОЛУЫ КЕРЕК



Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Одан кейін аймақ басшысы тұрғын үй құрылысы үшін мемлекеттік жер қорына қайтарылатын учаскелерге барып, Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстарымен танысты. Жобаны «Қаратас Майнинг», авторлық қадағалауды «Geopsd kzo», техникалық қадағалауды «Орда-S»

серіктестіктері жүзеге асыруда. Оған 2 млрд 996 млн теңге бөлінген, 2756 метр екі жолақты жауу жүргініші және велосипед жолы салынып, асфальтбетон жабындысы төселді. Сонымен бірге 2928 метрлік қорғаныс бөгетінің еңісі нығайтылады. Бұл жағалауды су тасқыны мен шайылудан қорғайды.

Сыртқы жарықтандыру жүйесі, 2848 метр электр желісі тартылады және 110 жарықтандыру тірегі орнатылады.

Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында 2670 метр металл қоршау, демалыс аймақтарына орындықтар мен кокыс жәшіктері қойылады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТЕМІРЖОЛ – ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамыту мәселесі қаралды. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте мәселелер жан-жақты талқыланды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев теміржол вокзалдарын коммуналдық меншікке қабылдауды заңнама талаптарына сәйкес уақытылы аяқтауды тапсырды.

– Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсетуі де жана сапаға көшуі тиіс. Қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, вокзалдар аумағының абаттандырылуын, көгалдандырылуын, санитарлық тазалығын күнделікті қамтамасыз етіңіздер, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Облыс аумағынан 1051 шақырым теміржол желісі өтеді. Оның 83,4 шақырымын күрделі жөндеу басталды. Бүгінгі күнге дейін 50,4 шақырымы жөндеуден өткен, қалған 33 шақырымы жыл соңына дейін бітеді. Сексеуіл станциясында 18,7 шақырым теміржол салынып, 77 жынтық бағыттамалы бұрма орнатылуда.

Қызылорда облысынан 15 жпб, облыс орталығынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей, Түркістан қалаларына 6 жпб жолаушы пойызы қатынайды.

2-бет



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Елімізде маусым айының үшінші жексенбісін – «Әкелер күні» болып мерекелік күнтізбеге енгізу отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, сондай-ақ әкелер институтын дамытуға ықпал етіп келеді.


Жалпы отбасының беріктігі ер-азаматқа тікелей байланысты. Халқымызда әкені ерекше құрметтеп, мәртебесін жоғары қою дәстүрі қалыптасқан. Отбасы құндылықтарын сақтай отырып, бала тәрбиесіндегі әке рөлінің маңызын көрсету, әке мен баланың өзара қарым-қатынасын нығайтуда бұл күннің маңызы ерекше. Өйткені әке – отбасы үшін күш-қуаттың, даналық пен жауапкершіліктің қайнар көзі. Баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін рухани тірек.

5-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ«Сыр бойы» газетіне жазылу
бағасы

жекелер үшін:
6 айға – 5000 теңге
мекемелер үшін:
6 айға – 10000 теңге



/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

АРАЛ: ТЫНДЫРЫМДЫ ІС КӨП

Арал ауданына қарасты Сексеуілге бардық. Орталықтан әрірек Тербенбес тауының етегіндегі 11 мың халқы бар кент. Мұндағы тіршілік теміржолмен өзектес. Ақ патшаның заманында қолға алынған теміржол жобасы тарихтан белгілі. Алаш зиялысы Мұхамеджан Тынышбаевтың бұған тер төккенін әркім білуі тиіс. Ол кезде Сексеуілдің аты басқа еді. Құмсай деп аталыпты. Неге Сексеуіл десеңіз, теміржол түскенде барлық паровоз көмірмен жүрді. Көмір болмаса, теңіз маңындағы томар сексеуілді жақты. Арнайы сексеуіл қабылдайтын база да болған мұнда. Арал маңы туралы жазылған көркем шығармаларда осындай дерек бар.

3-бет



/// ҚАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ



Облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылу үшін тұрғындар eGov порталы, e-Otinish бірыңғай платформасы арқылы немесе әкімдікке жазбаша өтініш қалдырады. Осылайша халықтың ұсыныс-пікіріне ден қоюдың үлгісі қалыптасқан.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев азаматтарды кезектілік тәртібімен жеке қабылдады. Бұл жолғы қабылдауға 12 адам тіркелсе, олардың екеуі онлайн қосылды.

Келушілердің басым бөлігі әлеуметтік қолдау, баспана, көшелерді асфальттау және жұмыспен қамту мәселелерін көтерді.

Арал ауданы Сексеуіл кентінің тұрғыны Ақтан Батыр және Тәжібаев көшелерін асфальттау туралы айтты. Бұл көшелердің жобалық құжатын әзірлеу 2028 жылға жоспарланған.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен 2023 жылы Сексеуіл кентіндегі Ақорда тұйығы орташа жөнделген. Енді тұйықтың балабақшаға дейінгі бөлігін жөндеу алдағы кезеңге межеленген.

Қабылдауда «Базис-А» мекемесінің теміржолшыларға арнап салған тұрғын үйлер құрылысын аяқтау

мәселесі де көтерілді. Қазір екі пәтерлік 38 тұрғын үйдің 8-і толық бітіп, белгіленген тәртіппен пайдалануға берілген.

Қызылорда қаласындағы әл Фараби шағын ауданының тұрғыны балалар ойын алаңын салу, жол жөндеу және қоғамдық көлікке қатысты мәселелерді көтерді.

ТЕМІРЖОЛ – ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ



Осыдан екі жыл бұрын Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы күрделі жөнделіп, іргелес аумағы абаттандырылды. Бүгінде өңірдегі 7, атап айтқанда Жанақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал теңізі, Сексеуіл вокзалдарында, Теренөзек пен Жалағаштағы қызмет көрсету пункттерінде, Жанақорған ауданы Талап бекетіндегі жолаушылар платформасында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қазалы, Шиелі, Жанақорған вокзалдары мен Талап бекетінде құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды.

Сондай-ақ мәжілісте жауапты басшыларға бір апта ішінде өндірістің жаңа бағыттарын дамыту және іске қосуға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу міндеттелді. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталуы тиіс.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстарын сапалы әрі бекітілген кестеге сәйкес жүргізу мәселесі де талқыланды.

Облыс әкімі кенеге қарсы өңдеу шараларын ветеринариялық талаптарға сай ұйымдастырып, орындалуын қатаң бақылауды тапсырды. Аурудың алдын алудың және алғашқы белгілері байқалған бойда медициналық көмекке жүгінудің маңызы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ТАЗАЛЫҚ ӘР ҮЙДЕН, ӘР КӨШЕДЕН БАСТАЛАДЫ



Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру – мемлекет саясатының маңызды бағыты. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы бүгінде бүкіл ел көлемінде кең қолдау тауып, игі нәтижесін беріп келеді. Бұл бастама Сыр өңірінде жүйелі жүзеге асып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, жасыл аймақтарды көбейтуге және табиғатты аялауға бағытталды.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы» деген болатын.

Жақында өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында кең көлемді тазалық акциясы өтті. Ауқымды акцияға облыс бойынша 17694 адам қатысты. Сондай-ақ Ботаникалық саябақ аумағы көгалдандырылып, 500 түп қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Бұл жұмыстар өңірді жасыл желекке бөлеуге, ауа сапасын жақсартуға және қала тұрғындары үшін қолайлы экологиялық орта қалыптастыруға бағытталды.

Бағдарлама шеңберінде облыстың барлық елді мекенінде бір мезгілде ауқымды сенбілік және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Жыл басынан бері өңірдегі экологиялық шараларға 121 992 адам, яғни еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласының және кәсіпорнын қызметкерлері белсене қатысты. Осы уақыт аралығында 3 030 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық шығарылып, 3 367 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1 019 әлеуметтік нысан, 669 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 210 су объектісі және 5 383 көше бойы тазартылды. Бұл жұмыстарға 548 техника жұмылдырылды.

Сонымен қатар, жергілікті климатқа бейімделген 88 567 түп ағаш көшеті отырғызылды. Олардың қатарында қарағаш, терек, Сыр талы және басқа да қошмет түрлері бар.

Жалпы, мұндай акциялар – өңірдегі экологиялық мәдениетті дамытуға, табиғатты қорғауды жүйелі жолға қоюға және тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама.

Айта кетерлігі, «KazStroyCapital» ЖШС «Қорқыт ата әуесжайы» аумағына, орталық көшелер мен саябақтарға 779 мың біржылдық және 33,8 мың көпжылдық гүл көшетін егіп, 73,5 мың шаршы метр көгал төседі.

«Hunter» технологиясына негізделген автоматты суару жүйесі, 45 шақырымнан астам құбыр тартылды. Қазір қаладағы 27 субұрқақ іске қосылды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында аудандарда да белсенді жұмыс атқарылуда. Мәселен, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы және барлық ауылдық округтерде жаппай сенбілік ұдайы ұйымдастырылды.

Сенбілікте Әйтеке би кентінің орталық көшелеріндегі шөп шабылып, коқыс терілді. Мекеме, ұжым қызметкерлерінің басым бөлігі мәдени-демалыс кешеніндегі шөп шабу жұмыстарына жұмылдырылды. Сондай-ақ барлық елді мекенде аяқсу арықтары тазартылды. Жалпы тазалық шараларына мекеме қызметкерлерінен бөлек тұрғындар мен ерікті жастар, «Жасыл ел» енбек жасағының жастары қатысып, тазалыққа атсалысты. Сенбілікке 136 мекемеден 1780 адам қатысып, 11 техника жұмылдырылды. Жалпы көшелер мен саябақтардан және басқа да орындардан 10,5 тонна тұрмыстық қалдық арнайы орынға шығарылды.

Осылайша аймақта санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

«ӘР МӘСЕЛЕНІҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҰР»

Кейінгі жылдары елімізде ауқымды саяси реформалар жүзеге асып, қоғам өмірінде жаңа өзгерістер болды. Мемлекет пен халық арасындағы байланысты нығайту, өңірлердің дамуын жеделдету және азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Осы орайда облыстық мәслихат депутаты Алмас Рахметовпен өңірдің дамуы, қоғамдағы өзгерістер және халықтың бүгінгі сұранысы жөнінде әңгімелескен едік.

– Алмас Алтынбайұлы, депутат бұлдың өзінде жауапкершілігі бар. Сайлаушылардың сенімінен шығуда қандай бастамаларды қолға алдыңыз?

– Депутаттық мандат – тек мәртебе емес, үлкен жауапкершілік. Халықтың сеніміне ие болу оңай емес, ал сол сенімді ақтау күнделікті еңбекті талап етеді. Осы бағытта сайлаушылармен тұрақты кездесулер өткізіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдауды басты назарда ұстап келемін. Әсіресе әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жол мәселесін шешу, ауызу, жастарды қолдау және халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына көмек көрсету бағытындағы бастамаларға басымдық береміз. Әрбір көтерілген мәселе бақылауға алынып, оның шешімін табуға күш саламыз.

– Сіздер көбіне елдің ішін аралап, тұрғындардың өтініштерін тыңдайсыздар. Олар көбіне қандай мәселемен жүргінеді?

– Тұрғындар негізінен әлеуметтік мәселелермен, тұрғын үй, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау, инфрақұрылым және коммуналдық қызметтерге қатысты өтініштермен келеді. Әр өтініштің артында адам тағдыры тұрғын үй ұмытпауымыз керек.

– Осы уақытқа дейінгі ең маңызды жетістігіңіз деп нені айтар едіңіз?

– Жетістік дегенді жеке өзімің емес, халықпен бірге атқарылған жұмыстың нәтижесі деп есептеймін. Кейінгі жылдары бірнеше әлеуметтік нысанның құрылысына қолдау көрсетіліп, ауылдардағы инфрақұрылым мәселесінің шешілуіне ықпал еттік. Дегенмен мен үшін ең үлкен жетістік – тұрғындардың мәселесі шешіліп, олардың өмір сапасының жақсаруы. Халықтың алғысы мен сенімі – кез келген марапаттан жоғары.

– Мәслихат жұмысының ашықтығын арттыру үшін қандай қадамдар жасалуда?

– Қазіргі қоғам ашықтық пен есептілікті талап етеді. Сондықтан мәслихат жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету – маңызды бағыттардың бірі. Сессиялардың онлайн көрсетілімі ұйымдастырылып, қабылданған шешімдер бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жарияланып келеді. Сонымен қатар депутаттардың халық алдындағы есеп беру кездесулері тұрақты өткізіледі. Бұл тұрғындар мен билік арасындағы байланысты нығайтты. Қазір мәселені шешуді жоғарыдан төменге қарай емес, төменнен жоғарыға қарай бағыттауымыз керек.

– Өзіңіз ауыл шаруашылығы мәселелерін ардайым көтеріп жүрсіз. Әсіресе, күріш шаруашылығы, су ресурстары және оны үнемдеу мәселесін назардан тыс қалдырмайсыз...

– Облыс басшылығы су тапшылығына байланысты тиісті іс-шараларды қолға алды. Суды үнемді пайдалану, егіншілерге қажетті насостар, тұқым, минералдық тыңайтқыштар, жанармай, мұның бәрі – диканның қамы. Жергілікті тұрғындардың бау-бақшасын егуіне қолайлы жағдай жасалуда. Әйтсе де алдағы уақытта судың жағдайы қалай болады? Өзірге нақты шешім айту қиын. Бұл – табиғат құбылысынан туындап отырған күрделі мәселе. Келешекте бұдан да күрделене түсуі мүмкін. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан қолдағы су көзін тиімді пайдалануымыз тиіс.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

СОЛ ЖАҒАЛАУ ЖЕТІ ҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРМЕН КӨРІКТЕНЕ ТҮСЕДІ

Қарқынды құрылыс алаңына айналған Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауында көпқабатты тұрғын үй саны күн өткен сайын артауда. Қаншама отбасы қоныс тойын тойлап, қуанышқа кенеліп жатыр. Зәулім ғимараттар шаһар ажарын айшықтай түсуде. Осы ретте жаңадан бой көтеріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс алаңына арнайы баспасөз туры ұйымдастырылған еді.

Қала тұрғындарын жайлы баспанамен қамту ұдайы жалғасып келеді. Мәселен «Сәт-Сервис» және «СК Дәнекер» мекемелеріне тиесілі 7 қабатты 244 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы былтыр қазан айында басталған. Жобаға сәйкес, биыл қараша айында аяқтау жоспарланған. Бүгінде 7 қабатты үш тұрғын үйдің біреуі толық аяқталып, қалғанында жұмыс жалғасуда.

«Ер Ару» құрылыс мекемесінің прорабы Болатбек Темірбаев құрылыстың сапалы әрі уақытылы жүргізіліп жатқанын айтып берді.

– Жоба бойынша 7 қабатты 8 тұрғын үй салып жатырмыз. Қазір 4 тұрғын

үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Былтыр тамыз айында басталды. Мұнда тұрғындар үшін қолайлы жағдай қарастырылған. Ойын, футбол алаңы, тынығу орны бар. Құрылыс материалдары жеткілікті әрі сапалы. Бригада жұмысын тиянақты атқаруда, – дейді ол.

Қазір құрылыс алаңында жұмыс қызған. «ОрионЛТД», «Интегрострой», «Авангард ПГС», «ПромстройСервис Е», «Асар», «АманҚұрылыс», «Абу-Сер», «Мелиоратор» мекемелері отандық тауарларды қолданады.

«Сәт-Сервис» құрылыс мекемесінің аумақ бастығы Бердібек Қамиев жұмыс барысына тоқталды.



– «Сәт-Сервис» құрылыс мекемесіне тиесілі 7 қабатты 244 пәтерлік тұрғын үй салынуда. Былтыр кіріскен болатынбыз. Жыл соңына дейін тапсырамыз. Қазір 7 қабатты 3 тұрғын үйдің біреуінің құрылысы аяқталды. Қалған екеуі уақытында бітеді. Құрылыс материалы, жұмысшы күші жеткілікті. Әр үйдің ауласына балалар ойын алаңы, автотұрақ салынууда, – дейді ол.

Жаңа тұрғын үйлер – қаланың көркеюіне, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Баспасөз туры барысында жеті көпқабатты тұрғын үйдің ішкі жұмыстарын көріп шықтық. Жобаға сәйкес кіреберіс жол кеңейтілген, үй ауласы көлік тұрағымен, спорт және балалар ойын алаңдарымен, демалыс аумақтарымен толық қамтылады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ҚҰМСАЙ МЕН ҚАУЫН

Сексеуіл базасының аты осылай станцияға таңылғанын айттық. 1905 жылы құрылған Құмсай шеберханасы бүгінде үлкен тепловоз жөндейтін депоға айналған. Арадағы ғасырдан асқан уақытта халық саны өсті.

Құмсай демекші, осы аттас бөгет бар. Қыс бойы жауған қар мен жазғытұрым жауған жаңбыр суы осында құйылады. Кентте тұратын Ахметжан мен Ақжол осы суды өздері баптайтын бақшалықта пайдаға асырып жүр.

– Бұл кәсіп атадан балаға ауысып келеді. Өкелеріміз ілгеріде «Құмсай» бөгеті маңында бақша салып, егін еккен. Біз де бес жылдан бері дикан жолындамыз. Шағын жылжымаймыз да бар. Жылына тоннаға жуық қияр өсіріп, өз ауылдастарымызға сатамыз. Сондай-ақ осы жылжымаймыз да бар, қарбыз, тағы басқа дақылдардың тұқымын егіп, көшетін алып, төрт гектар жерге отырғызамыз. Үш гектар бақшаға тамшылату суару әдісін қолдандық. Қазір қауын-қарбызымыз түйнектесп жатыр. Алдағы уақытта шыққан өнімді жылдағыдай Арал қаласы тұрғындарына саудаға шығарамыз, – дейді Ақжол Боханов.

Әу баста бақша кәсібін Үкімет



АРАЛ: ТЫНДЫРЫМДЫ ІС КӨП

ұсынылып, оның 72-сі несие комитетінің отырысында қаралған болатын. Қазір 42 жоба мақұлданды. Олардың көбісі өңдеу, яғни өнім шығару саласына қатысты болып отыр. Қосымша мал мен егін шаруашылығы, қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік жобалар да бар, – дейді Ж.Жұбанов.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ИГІЛІГІ

Жалпы Арал ауданында ауқымды жоба көп. Мұнда балық өндірісі мен төрт түлікті өрістетуден бөлек, кейінгі жылдары инвестиция тарту арқылы өндіріс орындарын ашу жолға қойылған. Былтыр аудан көлемінде «Ase Invest» ЖШС-ның «Тұрмысқа қажетті құрғақ ұнтақтар өндіру», «Sinool» ЖШС-ның «Жанар-жағармай құю станциясын салу» және

Арал қаласынан көз дәрігері кабинетін ашқан Марат Ердіхалқов халық денсаулығына қатысты нағыз сұранысты қанағаттандырып отыр десек те болады. Кәсіпкер «Қызыл-орда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы арқылы 9,8 млн теңге қаржылай несие алған. Қазір аудан тұрғындарына сапалы қызмет көрсетуді бастап кетті.

– Бұл отбасылық бизнесті ашам дегенімзге 10 жылдың көлемі болған. Былтыр ғана сәті түсті. Кәсіпкерлік мақсатта 6 пайыздық жеңілдікпен несиеге қол жеткізіп, көңілді бірледік. Дәрігер кабинетін жасақтадық, қажетті медициналық құрал-жабдықтарды өзге мемлекеттерден алдырдық. Мұның барлығы – көз ауруларын анықтауға керектілер. Үш айдан бері халыққа диагностика, кеңес беру және емдеу қызметін көрсетіп отырмыз. Мұнда келуші емделіп қана қоймай, сапалы көзділік те таңдайды. Ол өнімдер Қытай, Корея және Жапониядан келген, – дейді дәрігер Агия Алмағамбетова.

Оның сөзінше, бұл жоба Аралда алғаш рет қолға алынып отыр. Бұған дейін көз ауруларын емдейтін жеке орталық болмаған. Тұрғындар аудандағы көз дәрігеріне барғанмен қабылдау уақыты тым ұзарып кететін көрінеді. Бір күнде 24 адамнан артық қабылдауы тиіс болса, келушілер бұдан асып кететін. Қазір аралдықтар емханадан бөлек, жанадан ашылған кабинетте емделіп жүр, яғни бұрын-



колдауымен қайтарымсыз грант ұтып бастаған қос азамат жылжымайтын жылына екі рет өнім алады. Бұдан бөлек, жігіттербиыл бақша айналасына 150 түп жеміс ағашын отырғызған.

Арал аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі берген мәліметке сүйенсек, биыл мұнда 726 гектар жерге егіс егу жоспарланған. Қазір 387 гектар жерге егін егіліп, 180 гектар ескі жоңышқа суарылыпты.

– Өзіңізге белгілі, Арал жері егін шаруашылығына аса қолайлы емес. Бірақ кейбір ауылдық жерлерде бақша дақылдарын жол бойы үзбей егіп келеміз. Мал азығынан бөлек, бақша дақылдарын, сондай-ақ қауын мен қарбыз, асқабақты жергілікті тұрғындар күзде сатылымға шығарады. Қазір Сексеуіл кенті, Ақирек, Жанақұрылыс ауылдық округтерінде 80 гектар жерге тамшылату және пленка асты әдісімен ауыл шаруашылығы дақылдарын ектік, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жәнібек Жұбанов.

Айталық, ауданға қарасты Ақбай ауылындағы «Асхат» шаруа қожалығының төрағасы Алдонғар Қаныбетов 5 гектар жерге бақша еккен. Оның 1 гектарына пленка асты әдісін қолданыпты. Өнімдерін жылда өзге аймақтарға шығаратын азаматтың алдағы айда қауын-қарбызы жеуге жарап қалатындай. Екі адамды тұрақты жұмысқа алған ол мал азығын да дайындайды. Қазір шаруашылықтың 9 гектар жоңышқасы жайқалып тұр.

Аралдық дикандар биыл өзіне қажетті тұқым қорын көршілес аудандардағы шаруашылықтардан алған. Сондай-ақ елді мекендердегі егістікке баратын ішкі шаруашылық каналдарды қамыс пен борықтан тазалау

жұмыстары уақытылы жүріпті. Ауданда егін мен шабындық жерді суаруға 6 дизельді су насосы жұмыс істейді. Қосымша 10 ДНУ-200/75 дизельді су насосы дайын тұр. Көктемгі дала жұмыстарына 39 трактор, 7 соқа, 5 тұқымсепкіш, 20 жүк көлігі мен 22 трактор тіркемесі қатысқан.

«АУЫЛ АМАНАТЫНЫҢ» АРҚАСЫНДА...

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасымен Сексеуілде өз кәсібін ашқандар бар.



Айталық, біз аялдаған көлік жөндеу орталығы былтыр ғана ашылды. Кентте тұратын Гүлзада Жетесова осы кәсіпке арнап 6,5 млн теңге несие 2,5 пайызбен алғанын айтады. Қолы жеткен қаражатқа керекті құрал-жабдығын алдырған кәсіпкер қосымша жұмыс көзін де ашқан. Қазір жеңіл көліктердің жай-күйін тексеретін орталықтың маңайында қызмет алушылардың қарасы қалың.

Ал екінші кейіпкеріміз сексеуілдік Қазыбек Жақсылықов екі жылдан бері брусчатка дайындап жүр.

– 2024 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен жеңілдетілген несиеге қол жеткіздік. 5 млн теңге қаражатқа өз елімізде дайындалған құрал-жабдықтарды сатып алған соң құрылыс материалдарын шығарып келеміз. Өзім бұған дейін Ақтөбе қаласында осы кәсіпті оқып үйренген едім. Алдымен брусчатка, ал биыл үй сырттан қаптайтын фасад түрлерін өндіріске қостық. Ел ішінде сұраныс жоғары. Қазір цехтан күніне 50 мен 100 шаршы метр құрылыс материалдары шығуда. Келешек арманым өндірісті ұлғайтып, кент ішінен үлкен цех ашқым келеді. Өнім түрлерін де көбейту жоспарда бар, – дейді кәсіпкер.

Қазыбектің кәсібіне жерлестері дән риза. Өйткені, мұндай өнімді ат арытып, аудан орталығынан тасымалды. Қажетті құрылыс затына тапсырыс беріп, дер кезінде алатыны тағы бар. Әсіресе, жеке тұрғындардан бөлек, Сексеуіл ішіндегі абастандыру жұмыстарына да керекті зат Қазыбектің цехынан табылып тұр.

Кәсіпкер қазір үш жерлесін тұрақты жұмыспен қамтыған. Сондай-ақ өнімге керекті шикізаттың барлығы да отандық кәсіпорындарда қолжетімді.

– Өткен жылдың соңында «Ауыл аманаты» бағдарламасына 122 жоба

«Қарашалаң балық» ЖШС-ның «Арал қаласында балық өңдеу зауытын ашу» жобасы жұмысын бастады. Сондай-ақ жол бойында қызмет көрсету орталығы да бой көтерді.



Арал аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі берген мәліметке сүйенсек, биыл да бірнеше инвестициялық жобаның тұсауы кесілме. Ресми түрде ашылма да «Qazaq Camel» ЖШС түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаруды бастап кетті. Сондай-ақ «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның жоғары сұрыпты ас тұзы өндірісі және мотоцикл құрастыру, балық шаруашылығын ұйымдастыру, «Эко Энерджи Плюс» ЖШС құрылысын салатын жол бойы қызмет көрсету кешені сияқты ірі кәсіпкерлік нысандар бар.

Сапар кезінде «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-ның метан газын толтыру компрессорлық станциясына аяладық. 1 млрд теңгеге бағаланған инвестициялық жоба аймақтағы алғашқылардың бірі болып қолға алынған. Аталған кешен Арал және Шиеліде қатар салынған еді. Қазір Аралдағы жобаның бірінші кезеңі аяқталып, 15 адам жұмысқа қабылданған.

– Метан газын қолдану – қазіргі көп көлікке тән. Мұнда күніне келетін түрлі көлікке мың кубка дейін газ құямыз. Ал кешеннің жылдық қуаттылығы 12 мың автокөлікті метан газымен қамтамасыз ете алады. Алдағы жоспар бойынша мұнда газ құю бекетінен бөлек, азық-түлік дүкені, асхана, көлік жөндеу орталығы мен қонақүй іске қосылады. Бұл жобаның екінші кезеңіне екі гектар жер де бөлінген, – дейді метан станциясының басшысы Қайрат Бейісов.

ғыдай кезек жоқ. Облыс орталығына, көршілес ауданға да сабылмайды.

Тың жобаны қолға алған кәсіпкер алдағы уақытта елге көрсетілетін қызмет түрін кеңейтіп, орталықты жана медициналық жабдықтармен толықтыруды жоспарлап отырғанын да айтты.

Уақытында мыңдаған тонна балық аулап, төл кәсіпті түлеткен аралдықтар енді бүгінгі нарыққа бейімделген. Ауыл шаруашылығынан бөлек, өзге кәсіп түрлерін кенейтуге ынталы көп. Бірі наубайхана, екіншісі құрылыс материалын, тағы бір кәсіпкер сұранысқа ие өнім шығаратын цех құрған. Жұртқа қажеттіні зерттеп, соған кәсібін орайластырған бизнес өкілдерінің мұндай қадамы қуантарлықтай. Иә, теңізді өлкедегі тындырымды істің қатары толығы беретініне сенім мол.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы», Қызылорда-Арал-Қызылорда

БРИФИНГ

ЗАҢСЫЗ БАЛЫҚ АУЛАУ ДЕРЕКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Балық қорын сақтау мен су айдындарының экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған «Таза су айдындары» және «Уылдырық-2026» республикалық акциялары аясында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Оған мемлекеттік органдар, құқық қорғау құрылымдары және қоғам өкілдері жұмылдырылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров тарқатып айтты.

– Өңірімізде балық ресурстарын сақтау, су айдындарының экологиялық жағдайын жақсарту және табиғат пайдалану заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыс жүргізіліп келеді. Осы мақсатта өңірде «Таза су айдындары» республикалық табиғат қорғау акциясы мен «Уылдырық-2026» балық қорғау акциясы кең көлемде ұйымдастырылды. Су айдындарын тазарту, заңсыз балық аулаудың алдын алу және балықтың табиғи көбеюіне қолайлы жағдай жасау бағытында нақты нәтижелерге қол жетті. Мәселен, «Таза су айдындары» акциясы барысында

облыс аумағындағы өзен-көлдер мен су айдындары коқыстан тазартылды. Акцияға 397 адам, 68 арнайы техника және 5 шағын жүзу құралы тартылып, су айдындарынан 10 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Бұған қоса, балық қорына айтарлықтай қауіп төндіретін суда қалған 78 ау қалдығы табылып, жойылды. Бұл жұмыстар су экожүйесін сауықтыруға және балықтың табиғи мекендеу ортасын сақтауға мүмкіндік берді. Су айдындарының тазалығы мен байлығын келер ұрпаққа аман жеткізу – тек жауапты органдардың ғана емес, барлық азаматтың ортақ міндеті, – деді ол.



«Уылдырық-2026» акциясында облыстағы су айдындарында балықты уылдырық шашу кезінде қорғау шаралары күшейтілген. Нәтижесінде заңсыз балық аулаудың ондаған дерегі анықталып, әкімшілік хаттамалар толықтырылды. Бірқатар іс сотқа жолданған. Нақты кезеңде құқық қорғау органдарының өндірісінде қылмыстық сипаттағы істер қаралуда.

Сондай-ақ заң бұзушылардан жүздеген келі заңсыз ауланған балық пен оннан астам құрал тәркіленіп, табиғатқа келтірілген залалды өтеу шаралары жүргізілуде. Жалпы, аталған акциялар табиғи ресурстарды қорғау мәдениетін қалыптастыруға, браконьерлікке қарсы күресті күшейтуге және өңірдің балық қорын сақтауға бағытталған маңызды бастамалардың тиімділігін көрсеткен.

«СБ» ақпарат

Бәрі де ойда жокта өзгерді. Агрофактың төртінші курсы аяқтап, ертең ауылға қайтамын деп жиналып отырған. Кеш түсе жерлесі Бәтима келді.

– Сені кетіп қалды ма деп келе жатыр едім, 2-3 күн кідірсең, менің соңғы емтиханым бітеді...

– Көріп тұрсың ғой дайындалып қойдым, – деген Назеркенің жауабына мән бере қоймаған Бәтима әлдене айтуға оқталды. Көзі күлімдеп тұр...

Орта мектепті бітіре сала екеуі Алматыға келген. Бәтима қыздар педагогикалық институтына, Назерке ауыл шаруашылығы институтына түскен. Екі оқу орнында оқып, бөлек жатақханада тұрғанымен олар жиі көрісетін. Көбіне уақыт тауып, іздеп келетін Бәтима еді. «Назерке, сен көп қозғала қоймайсың, мені іздейсің» дегендей өкпелей қалатын да, артында бәрін ұмытып, құрбысының көңілін аулайтын, көрген-білгенін айтып, әрі қарай екеуі сырласа кететін. Мектепте бірге оқыған құрбыларын, балауса шактың небір қызықты оқиғаларын еске түсіріп, бір серпілетін. Қашанда жайраң қағып жүретін құрдасының бүгін тіпте өзгеше екенін жаңа кіріп келгенде көзінен байқаған. Бірақ, айтарын айтар деп, мән-жайды сұраған жоқ. Көп күттірмеген Бәтима:

– Есен далала тұр, – деп сөз аяғын жұтты.

– Е, ол неге кірмейді, менен ұялама?

– Қасында бір туысканы бар, бізді күтеді.

– Мені неге қосып отырсың, бүгін тынығып алып, ертең ерте жолға шығамын, Қызылордаға жету оңай дейсің бе?

Бәтима кідіріп қалды. Назерке Есенді білетін. Бәтимамен бірге екі рет киноға, бір рет кафеге апарған «политехтін» студенті.

– Назерке киінші, Алматыны түнімен кезбейтін шығармыз...

– Есеннің қасындағы кім, қандай туысканы?

– Мынадай жігіт! Құрбысы басбармаған қайқайтты. Әскери ұшқыш екен...

– Қайда барамыз?

– Оны шыққасын көреміз, тезірек болшы?!

– Қойшы, зауқым соқпайды.

Сезімтал қыз Назеркенің кет әрі емес екенін байқады білем, қиылып тұрып алды...

Өзін Дәуірмен деп таныстырған жігіт сыптай тартылған ұзын бойлы, аққубаша келген, әп-әлемі екен. Салмақты, сыпайы көрінді. Үстіндегі ұшқыштың киімі өзіне жарасып-ақ тұр. Дәуір Есеннің жерлесі әрі жамағайыны болып шықты. Бұдан үш жыл бұрын Ресейдің Саратов қаласындағы жоғары әскери училищесін үздік бітірген, қазір сынаушы-ұшқыш екен. Таксиге отырған төртеуі «Алматы» қонақүйіндегі мейрамханаға түсті. Ірі шаһардағы бұл жерді екі қыз бұрын көрмеген, жан-жақтарына қарағыштай берді.

– Екін қысылмай отырыңыздар, не алдырғыларыңыз келеді айтыңыздар? – деп Дәуір сыртына «Меню» деп жазылған екі бет қатты мұқабағы қыздар ұсынды. Бәтима қарап-қарап отырып, Назеркеге сырғытты. Ол көз жүгірте қоймағасын, жігіттер өздері қарады. Келген даяшыдан сұрастыра отырып, тапсырыс берді. Қуырылған тауық еті, салат, қорғасынмен мұқият араланған екі жалпақ шоколад, апельсин шырыны және бір шиша армян қоньяғы бар ас мәзірі лезде жетті. Ауылдан шыққан екі қыз да ішімдікке жоқ еді. Жігіттер өтіне бергесін бір-екі ұрттаған. Манадан үндей қоймаған Назерке сөзге тартылды. Дәуірдің қойған сұрақтарына қысқа да болса жауап бере бастады. Өзі де Дәуірдің өмірдерегінен хабардар болды. Петропавл қаласында дүниеге келіпті. Он жасында ата-анасынан айырылған ол Саратов қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді. Мектеп бітіргесін әскери авиацияны қалап оқуға түседі. Еңбек демалысын алып, әдейі Алматыны көруге келген. Екі күннен бері осында көрінеді. Іздестіріп, кеше жамағайыны Есенді тауып алыпты. Оркестр бір керемет вальс ойнай бастаған. Дәуір біте шықпайды. Назерке осы бидін ырағын ұнатушы еді. Екеуі бірде қалықтап, бірде қуындай шырқөбелек айналып жараса кетті. Мұнан соң екі рет жұптасқан. Әрі-беріден соң, бидін қызығымен қастарында Есен мен Бәтимадың бар екенін де ұмытқандай. Түнінің бір уағында қыздардың жатақханаға кіре алмайтынын білгенін Дәуір қонақүйден екі қызға бір бөлме алып жайғастырды. Азанда теміржол вокзалына барып, Қызылордаға қарай қозғалатын пойызға отырамын деген жоспары іске аспайды. Ұйықтап қалыпты. Сәскеге таман есік қонырауын Есен келіп баспағанда әлі де жаға берер ме еді...

– Дәуірдің нөміріне бас сұғып шығайық, – деген Есеннің сөзін жерге тастамай үшінші қабатқа көтерілген. Қыздар келгенде «люкстің» жалпақ столы ас-суға толып тұр екен. «Мұндайда жомарт жігіт болады екен-ау» деп ойлады Назерке. Ал Бәтима өзінің акцентілігіне басып, танданысын жасыра алмай екі көзі жайнап шыға келді:

– Ой, не деген бай дастарқан?!

– Бұған дейін қазақ қыздарымен бірге жүріп, дастарқанас болғаным жоқ. Ресейде сіздер сияқты қарақөз, әдемі қыздарды шам алып іздесең де таппайсың. Осында келгендегі бір мақсатым – көрікті қала Алматыны көру болса, екіншісі өздеріңіздей қыздармен танысу еді, – деп Дәуір күліп алды. Шамасы шындығы болар, мұндай азаматтар астарлап сөйлеуді біле



Сурет ашық оқиғалардан

Қызылқұмның Қызы

Хикаят

бермес, өйткені алған тәрбиесі солай ғой, – деген ой келді Назеркеге. Бұл ойы расқа шықты: – Назерке мен үшін 3-4 күн ауылыңа қайтпай тұра тұршы, сені жақсы көріп қалдым, қоштасқым келмейді, – деп қарап тұр. Бұл орнынан атап тұра келіп еді, Дәуір де бірге көтерілді. Аузынан шыққан сөзі ретсіздеу болғанын түсінді білем:

– Кешір, Назерке, менде бөтендей ой болған жоқ, тек сенің кетіп қалғаныңды қаламадым. Дәуір қолын ұсынды...

Үш күннен соң, екі жігіт қыздарды ауылдарына шығарып беру үшін теміржол вокзалына келген. Қызылордаға қарай жүретін пойыздың келуіне біраз уақыт бар екен. Төртеуі вокзал мейрамханасына кірді. Біршама күндер қыдыртқан жігіттерге, әсіресе Дәуірге риза болған қыздар жолашар жасамашы болған, алайда Дәуір:

– Сендер студентсіңдер, бұлардың жарамайды, – деп тапсырысты бұл жолы да өзі бере бастады. Тамақтанып алған соң, олар перронға шықты. Есен мен Бәтимаңың әлденеге айнала берген сәтін пайдаланып:

– Өзіңізді ойлап, сағынып жүретін шығармыз, – деді жігіт.

– Шығарсыз ба, әлде сағынасыз ба?

– Әрине сағынамын.

– Хат жазарсың.

– Солай етемін ғой, енді қашан көрісер екенбіз?

– Оны сіз білесіз, туу алыстағы Ресейге іздеп бара қоймапсың.

Осы сәт пойыздың келуі хабарланған.

– Ешкімім жоқ. Өзің естігендей балалар үйінде тәрбиелендім. Туыскандарым да табылмады. Енді өзін бар деп қана жүремін Сабағыңды жақсы оқы. Институтты жақсы бітіріп, ата-анаңның үмігін ақта. Тағы да кездесерміз қоштаспайық, көріскенше күн жақсы болсын. Дәуір қатты толқып тұрғандай еді.

Пойыз жылжи берді. Сонда ғана Назерке кесімді сөзін айтты:

– Қоштасқым келмейді, естисің бе Дәуір, менің де қош-тас-қым келмейді, – деп үзіп-үзіп айқайлады.

Жолда бара жатқанда, Дәуірмен бірге болған аз ғана күндердегі ұмытылмайтын сәттер көз алдынан тізбектеліп өте берген. Дәуір кештетіп кездескен Назеркенің алғашқы махаббаты еді...

...Жазғы каникул бітіп, Алматыға келгенде жатақхана поштасында Дәуірден екі хат келіп жатыр екен. Алғашқы хатында қызметіне кіріскенін, қазіргі күндері Мәскеу маңында әскери-әуе жаттығуында жүргенін жазыпты. Алматыда түскен суреттерді планшетіне салып алғанын айтқан. Екінші хатын орыс тілінде сағынышқа толы жолдармен жазыпты. Соңында хатты алғасын, хат күтемін деген...

...Агрофактың соңғы курс студенттерін екі ай мерзімге өндірістік тәжірибеден өту үшін аймақтарға жі-

беріп жатты. Назерке ойланбастан, Қызылордаға жол тартты.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мұны ең көп күріш өндіретін ауданға жолдады. Аудандық ауыл шаруашылығы бөліміне келді. Белім басшысы біршама сөйлескен соң: Қыз баласың ғой, қындау тиіп жүрер, орталық элеваторға алып қалайын. Жайлы орын тауып беремін, – деді.

– Сонда мен не үйренемін аға, егін алқабына барайын, тәжірибе жинауым қажет ғой. Өзім қалаған мамандықтың қиындығынан қашпаймын, – дегесін сәл ойланғанын қалған Байтас Қараманұлы: – Екі сағаттан кейін қайта кір, сонда қайда жіберетіміз белгілі болады, – деп қолын қызметтік телефонның тұтқасына соза берді.

Келісілген уақытта келгенде кабинетте екеу отырды.

– Міне, айтып отырған практиканттың бізге жеткізгенін білмейтін жігітке осылай болғаны жақсы» деді іштей.

– Сіз Қасымхан емессіз бе?

– Қасымханмын. – Жігіт те көз айырмай қарап тұрып: – Сіздер бірінші курсты бітіргенде мен институтты аяқтап кеттім ғой, – деп күлімсіреді.

– Бір-бірінді біледі екенсіңдер, онда жолдарың болсын, сізді бұл жігіт өз кеңешарына апарды. Су жаңа бортты «Уздік» бағысқа қарай созылған айдау жолға түсті. Қасымхан Алматыны сұрайды, Назерке жауап береді.

– Қасымхан аға, үйленген шығарсыз?

– Жоқ үйленгенім жоқ, сәті келмей жүр?!

– Сәті келмей жүр ме, әлде лайықты қыз кездеспеді ме? Қыз бұл сұрағының артықтау кеткенін білді. Бірақ, ауыздан шығып кеткесін қайтесің...

Қасымхан сәл кідіретін соң, «бұйрық болмай жүрген шығар» дей салды. Жарты сағаттай жүріп, ауылға жетті. Директор орталық қырмандағы кабинетінде екен. Қасымхан қызды ертіп кірді. Жас ортасына жетіп қалған арықтау, ақ шашты, бозандау кісі мән-жайды толық білгенін: – Осында орын бар, демалыңыз шаруа жайын ертең шешеміз, – деді. Штаб үйіндегі бір шағын бөлмені дайындапты, сонда жайғасты. Кешкі тамақты қырман асханасынан ішіп келіп жатқасын ұйықтап кеткен.

Ертесіне директор Әбсаттар Пірекеев қырмандағы тұқым зерханасында аға агрономның қасында жұмыс жасауға кенес берді.

– Ауданның күріш егетін барлық шаруашылықтарына осы жерден күріштің «Ақмаржан» сортын екінші класты қондырып жеткізіп берумен айналысамыз. Егер басқа кеңешарларға неғұрлым тез, таза тұқым дайындап сатсақ, шаруашылықтың рентабилділігі артып, пайдаға шығамыз. Ауыл еңбеккерлерінің табысы молайып, тұрмысы жақсарды, сіздің қызметіңіз ең жауапты жерде, – деді директор. Қыз-

дың ойы егінді алқапқа, яғни бір бригадалаға бару еді, мұны бастық сезді білем:

Бізге күріш егісімен айналысатын алты бригадала бар, арасында бригадаларға шығып та қайтатын боласыз. Күрішті ору мен бастырудың арасында алшақтық болмауы тиіс, оның агро-техникасын көзбен көріп, көңілге түйетін боласыз, асықпаңыз, – деп күлімсіреді.

Тұқым дайындау жөніндегі аға агроном көп жылдық тәжірибесі бар Мәжит деген кісі екен. Қасымхан мен Мәжит ағайын зертханадағы арнайы құрал-жабдықтармен таныстырды. – Мәкеннен көп нәрсе үйренуге болады, сәттілік тілеймін, – деп Қасымхан асығыстау шығып кетті. – Қырманда күннен-күнге астық көбейіп жатыр, күркірейек айының ортасы осындай болады. Ертеңнен бастап бұл жер үш ауысымда жұмыс істейді. Күрішті бір тазалап алғасын, арнайы агрегаттарға саламыз. Мұнда бәрі механикаландырылған. Бір ауысымда 7-8 ғана адам еңбек етеді. Сізге ол жақты да бақылап тұру керек. Қазір аудандық тұқым инспекциясының бастығы да келіп қалар, – деген сөзнен бұл жердегі тіршіліктің өте қауырты және жауапты екендігін сезінді. Агрегаттардың жұмыстарын көру үшін қырман ішіне аралады. Жал-жал үйіліп жатқан күріштердің арасында алуан түрлі техникалар бар екен. Көбісі жаңа көрінді. Астық тиегіштің ленталы түрі практикантты қатты қызықтырды. Тұмсығын үйілген күрішке кіргізіп жіберген, иір-иір айналымы шнектер-астықты жалпақ ременленге ағыстырып, ол өз кезегінде дөңдерді зырғытып апарып, автомашина қорабына құйып жатыр. Қорабы толған автомашина күрішті тізбектеліп қатар-қатар орналасқан қондырғыларға жеткізеді екен...

Арада жарты сағаттай уақыт өткенде қырман қақпасынан бортты «УАЗ» автокөлігі кіріп келе жатты. – Міне, аудандық тұқым инспекциясының бастығы келді, – деді Мәжит ағасы солай

қарай бұрылып. Машинадан түскен ұзын бойлы әйел бұл екеуіне қарай беттеді.

– Алматы ауыл шаруашылығы институтына бізге тәжірибеден өтуге келген студент, есімі Назерке, – деп таныстырды аға агроном. – Мен Ажармын. Таңертең сенің осы кеңешарға жіберілгеніңді естігем. Мұнда келгенің оңды болған, дән-тұқымнан өседі, халықтың: «тұқымын ал да, жерге бар» дейтіні де сондықтан болар. Біздер бірінші репродукцияны ғылыми-тәжірибе стансасынан алып, оны көбейтеміз. Естіп жатқан шығарсың, аудан шаруашылықтары күріш тұқымын тек осы жерден ғана алады. Ажармен екі арадағы таныс-білістік зертханада жалғасты. Институтты жеті жыл бұрын бітіргенін, туған ауылына келіп агроном, сосын бас агроном, екі жылдан бері аудандық тұқым инспекциясының бастығы қызметін атқарып жүргенін айтқан... Сол күні Ажар қайтпай, Назеркенің қасында қалды. Түнінің бір уағына дейін екеуі сырласты. Бір таңғаларлығы алғашқы махаббат туралы екеуінің тағдырлары ұқсас шықты. Ажардың да алғашқы ұнатқаны Хасен есімді ұшқыш жігіт екен. Ата-анасының айтқанына көніп, институт бітіріп келгесін, көршінің баласына тұрмысқа шыққан. Бірақ әлі күнге Хасен көңілінен кетпейтін көрінеді.

– Сонда қалай болды тәте, сүйемген адаммен бірге өмір сүру дегенің – менің ақылыма қонбайды, – деп жіберді қыз.

– Кейде өкінемін, бірақ екі қызым өсіп келеді, соларды медет тұтамын.

– Болашақ аға не қызмет істейді?

– Жоғары білімді құрылышы...

– Сен менің қателігімді қайталама, махаббатпен ойнауға болмайды.

– Дұрыс ғой, десе де ол алыста, өте алыста... Қызметі де бізге келе бермейді...

– Өне, көрдің бе, алыстағы армандың жақындалуына тәуекелің жетпей тұр, мен де сөйткенмін... Назерке көзіне ытқып келген жасты, 2-3 рет сығып-сығып алды да, тым-тырыс қалды. Солай жатып ұйықтап кеткен. Түс көрді: «Өзі туын-өскен Қызылқұмның бір қойнағындағы таныс бұлақтың басында отыр. Көз ұшында осылай қарай қарақұрым қой қаптап келеді. Бірте-бірте мал соңында төртбөтел атқа мінген шопан әкесі Дулаттың сұлбасы көріне бастады. Осы сәт, ия осы сәтте аспаннан қатты гүріл естілді. Сәлден соң пәрегі шыр айналған тікұшақ үстіне төніп келді де, бұлақты бір айналып өтті. Қойлар тым-тырақай қашты. Аналайда ат үстіндегі әкесі қолын алға қарай сілкілеп, айқайлағандай болады. Түрік барып қонған тікұшақтан біреу өсіріп келе жатты, кім болды екен өзі? Дәуір емес пе, сол сияқты? Жақындай бергенде таныды, Дәуір емес, Қасымхан...

– Сені алып кетейін деп келдім. Назеркенің қолын босатпай біраз ұстап тұрды да, тікұшаққа қарай жетелей

жөнелді. Осы екі ортада төртбөтелден асыға түскен әкесі жетті. Қолдар ажырады да, бұл сол орнында қалып қойды. Әкесі мен Қасымхан сыртып кетіп, біраз сөйлесті. Не айтып тұр өздері деген ой Назеркені тағатысыздандыра бастады. Бір сәт әкесі келіп маңдайынан сүйді де: – Қызым, бара ғой, мен келістім, шешене айтармын, – деп атына отырып қыратқа қарай құйындапты шаба жөнелді...»

Оянып кеткен... Бұл қандай түс болды өзі? Дәуір дегенім Қасымхан бола кеткені несі? Оның менде несі бар? Тікұшақтағы Дәуір болғанда ғой... Енді ұйықтай алмады, әрі-сәрі оймен біраз арпалысып, көрер таңды көзімен атқарған. Тұрып жуынды да, тоқ шәйнекті қосты. Көрген түсін Ажарға айта-айта бекінген, бірақ айта алмады. Күні бойы дел-сал күйде жүрді... Зертханада отырған. Қасымхан кірді.

– Алтыншы бригадалаға барып қайтайық, күрішті ору мен бастыру жұмыстары қалай жүріп жатыр, дән ысырабы бар ма көзімізбен көреміз, – дегесін дереу жиналып, екеуі егінжайды бетке алған. Рөлде отырған Қасымханға көз қиығын салды. Жігітті бір-екі рет жөткірініп, әңгімеге тартқысы келген еді. Бірақ, оның қасында қыз отырғанымен шаруасы жоқ... Шыдамалы білем:

– Қасымхан, мен түс көрдім, – деп қалды.

– Ие, ол қандай түс екен?

– Түсімде сен мені тікұшаққа отырғызып алып кеттің.

Жігіт күліп жіберді де:

– Қайда алып кеттім, мен ұшқыш емеспін ғой.

– Неге күлесің, мен алып кетуге тұрмайтын қызбын ба?

– Олай ойламаймын.

– Сен әуелі Дәуір едің, жақындап келгенде Қасымхан болып шықтың.

– Дәуір деген кім? Ештеңеге түсінбеген бас агроном мәшиненің жүрісін ірікті.

Назерке сөзінің дйтген жеріне тигенін білді. «Міне, күткен сөйлесуді білмейтін жігітке осылай болғаны жақсы» деді іштей.

– Түсіңді айта бер, жорып көрейін.

– Ондай қасиетің бар болса, күлмегенің жақсы еді ғой.

– Ал, құлағым сенде.

Қасымхан бұрылып, алғаш рет қыз жүзіне сұраулы пішінмен тіктеле қарады.

Назерке әңгімені қалай жеткізерін білмей кідірді.

– Сен қанша қаласаң, сонша тыңдауға әзірмін.

Ішкі сырын әлі танып-білмеген адамға ағынан жарылды.

Өңгімесін әріден, Алматыдағы Дәуірмен кездескен күндерден бастап, түнде көрген түсімен аяқтады.

– Ол жігіт сені сағынып жүр екен, біраздан бері хат жазбадың ба?

– Қол тимей кетті ғой.

– Бүгін қолың босағасын, қалайда хат жаз. Әйтпесе...

– Әйтпесе не болады екен?

– Әйтпесе, Дәуірге айналып кетіп жүрерміз?!

– Олай болу оп-онай деп ойлайсыз ба?

– Әрине, оңай емес, дегенмен сұлу қызға кім көз салмайды, оның үстіне атамыз қазақта:

«Жібектің түйіні бір, жас-жастың тілегі бір» деген сөз бар емес пе?

– Өз құлағыма өзім сенбей отырмын, мұнысыз қалай бас агроном жолдас?

Қасымхан жақтан жауап естілмеді.

Олар егінжайға жетті. Ортадағы атызда қаңқайып тұрған қонының жауына келіп тоқтаған. Машинадан түскен екеуге қарай қалған адамдармен Назерке сыпайы амандасты. Қасымхан сергін таныстырды...

Бригада механигі комбайнның бұзылған жерін жөндеп, жарты сағатта іске қосатынын айтты. Қалған екі комбайнның астық бастырып жатқанын көргесін, жетінші таңаптағы жатқаларға қарай бет алды. Осы жерде бригадир Қонысбекті кездестірді. Екі жатқа тоқтаусыз жүріп жатыр екен. Бас агроном өндіріс бригадиріне ору мен бастырудың арасын ұзатпауын тапсырды. Назерке күріш дестелерінің арасын аударыстырып қарады. Түп-түзу тартылған дестелер қалың. Орақ сапалы. Егісті түгел аралап көріп, қайтуға бет алғанда түс болған. Қасымхан «Уздік» кішкене радиоқабылдағышын қосып еді, егінжай ерлеріне деп беріліп жатқан концерттің үстінен түсті: «...Алғашқы махаббат жүректі тербейді, мәңгілік бақ құсым қоштасқым келмейді...» деп өз әнін шырқап жатқан Марат Омаровтың үніне құлақ түрген Назеркенің көз алдына Дәуір келе қалды да, қиялы Алматыдағы өткен күндерді шарлады. «Қоштасқым келмейді» деп еді-ау, мен де солай дегем... Қасымхан өнерден де құралақан жігіт емес еді. Домбыра, баян аспаптарында ойнап, он де салатын. Шәмші мен Әсеттің біраз әндерін нақышымен қайыратын. Арқаның кең тынысты, асқақ әндерін үйіреніп жүрген ол мектеп бітіргесін консерваторияға түскісі келді, бірақ анасы қолайламады:

– Осы ауылда агроном жоқ, сырттан келеді, тұрақтамайды. Агрономдық оқуға бар, балам, әкенің де арманы сені агроном ету еді... Қасымхан анасының айтқанынан шықпай, Алматының ауыл шаруашылығы институтына құжат тапсырған...

Темірбек ЕСЖАНОВ

(Жалғасы бар



Сурет ашық деректерден

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Елімізде әкелер институтын дамыту – отбасылық және гендерлік саясаттың маңызды бағыты. Бұл міндет 2030 жылға дейінгі отбасылық гендерлік саясат тұжырымдамасында көрініс тапқан және осы бағытта нақты шаралар қабылданауда. Әкелер институтын қолдау үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

2012 жылдан бері республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі табысты жұмыс істейді. Оған барлық өңірдегі белсенді әкелер біріккен. Мәселен, мектеп жанынан әкелер кеңесі, клубтар құрылып, олар отбасы мен бала тәрбиесіне белсенді қатысып келеді. Осылайша «Әкелер одағы» бірқатар маңызды жобаны жүзеге асыруда. Бұдан бөлек, отбасы құндылықтарын нығайту мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік бере-

тін республикалық форум өткізіледі. Онда елдің түкпір-түкпірінен белсенді азаматтар мен әкелер бас қосып, бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер талқыланады.

Өңірде қоғамдық бірлестіктің филиалы құрылған еді. Негізгі мақсаты – отбасы және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Ер балаларға болашақта әке міндетін ұғындыру және бала тәрбиесіне араласуына оқу орындарымен байланыста болып ықпал жасау. Филиал отбасы тақырыбында түрлі жемісті жобаларды жүзеге асырып келеді.

Айтулы күн аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру дәстүрге айналған. Мәселен «Отбасы орталығында» «Адырна» бенефис шоуы өтеді. Шара үш бөлімнен тұрады. «Әке – бала тағдырындағы тұғыр» кезеңінде өздерін таныстырады. Ал «Әке – тірек, бала – тілек» бөлімінде өнерін ортаға салса, «Әке мен бала: жүректен жүрекке» кезеңінде баласы әкесіне қолдан жасалған сыйлық ұсынады. Сондай-ақ өнерлі отбасылар ән-жырдан шашу шашып, қонақтарға әсерлі көңіл-күй сыйлайды.

Айта кетейік, «Әкелер күніне» орай облыс орталығы мен барлық аудандарда түрлі форум, көңілді спартакиада, жиындар және танымдық кездесулер өтеді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰСТЫНЫ



Аралдағы «Балықшылар аллеясында» «Әке – отбасы бақытының кілті» тақырыбымен тағылымды шара өтті.

Шаңырақтың берекесі, балаларын бақытына балаған асыл тұлғалардың орны қашанда айрықша екенін аңғартқан салтанатты кеште ұрпағына жол көрсеткен дана тұл-

ғаларды қадірлеу маңызды екені айтылды. Қазақы болмысқа тән ұрпақтар сабақтастығы сахналанды. Аудан әкімі Аманжол Онгарбаев:

– Арал өңірінің тарихы мен тағ-

дырын әрі туған жерге деген перзенттік сүйспеншілікті ән арқылы дәріптеуді мақсат еткен «Ән қанатындағы Арал» атты республикалық жабық ән байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жеткен болатын. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен кәсіби және әуесқой композиторлар қатысып, Арал тақырыбында жазылған жана туындыларды ұсынып, тың шығармалар әнсіуір қауымның жүрегіне жол тартты. Сол шығармалардың ішінен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болған белгілі композитор Рамазан Таймановтың «Аралым» әні әуені мен сөзі келісіп, тыңдарман қошеметіне бөленген-ді. Осыған орай «Аралым» әні үшін арнайы жүлде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Рамазан Таймановқа табысталады, – деді.

Мұнан соң аудан басшысы үлгілі әкелерді Алғыс хатпен марапаттады. Жергілікті өнерпаздар ән-жырдан шашу шашты. Салтанатты шараға арнайы келген композитор Рамазан Тайманов, ақын Дүйсенбек Аяшұлы рухани бастамаға ұйытқы болған аралдықтарға ризашылық білдірді.

А.ЖАЙШЫЛЫҚ

«Еңбек жолы» конкурсына қатысыңыз!

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек жолы» конкурсын 2026 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндірістің қарапайым жұмысшыларын айқындауға мүмкіндік береді.

Конкурс «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұранымен еңбек адамның қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурсқа құжаттар 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

- 1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
- 2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жана еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;
- 3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаншын сезімін тәрбиелеу;
- 4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;
- 5) еңбек адамның қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар келесі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) «Үздік еңбек әулеті»:

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері»:

Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) «Өндірістің үздік жас маманы»:

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбеккер өндіріс қарапайым жұмыскері таңдалады;

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді, сондай-ақ олардың тәлімгерлерін конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз!

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

Конкурсқа қатысушылар екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

- 1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтініші;
- 2) жеке куәліктің көшірмесін;
- 3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнероликті (жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);
- 4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);
- 5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландыратын еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);
- 6) жұмыс берушінің немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Конкурсты өткізу мерзімдері: 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;

1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиясымен өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау;

қыркүйекте өңірлік еңбек форумында жеңімпаздарды марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың материалдарын ҚР ЕХӘҚМ-не әрі қарай республикалық деңгейде қатысу үшін ұсыну;

1-15 қыркүйек аралығында республикалық комиссиямен «Еңбек Жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтау;

қазан айында «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздарын республикалық форумында марапаттау.

Нақты ақпарат пен кенесі келесі мекен-жайлардан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

Ескертпе: Конкурсқа өтінімдерді тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне тапсыра аласыз.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайіңсіз Қазақстан үшін!

ПАРАСАТТЫ ҚЫЗМЕТ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

Мемлекеттік қызмет – халық пен биліктің арасындағы алтын көпір. Ал сол көпірдің беріктігі мен сенімділігі ең алдымен мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне, адалдығына және қызметтік әдебіне байланысты. Өйткені мемлекетке деген сенім де, қоғамның көзқарасы да мемлекеттік қызметшінің күнделікті іс-әрекеті арқылы қалыптасады.

Бүгінде елімізде мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және қызметтік тәртіпті нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциясында әділетті мемлекет құру, заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау қағидаттарына ерекше мән берілген. Бұл қағидаттарды жүзеге асыруда мемлекеттік қызметшілердің рөлі зор. Өйткені Конституция талаптарына адал қызмет ету, заңдылықты сақтау және қоғам мүддесін бәрінен жоғары қою – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Сондықтан қызметтік әдеп пен адалдық қағидаттарын ұстану – Конституция құндылықтарын өмірде іске асырудың маңызды тетігі.

Бұл көрсеткіштер мемлекеттік қызмет жүйесінде тәртіп пен заңдылықты сақтау мәселесінің әрдайым назарда болуы қажеттігін аңғартады. Өйткені сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуын тежейтін, мемлекет беделіне нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әділетті мемлекет құрудың басты шарттарының бірі» деп атап өткен болатын. Шынында да, жемқорлық жайлаған жерде әділдік әлсірейді, ал әділдік әлсіреген жерде халықтың билікке деген сенімі төмендейді.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясында да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметтік әдепті сақтау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. 2026 жылдың қаңтар-ақпан айларында қызметкерлермен жеке кездесулер өткізіліп, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу, мүдделер қақтығысына жол бермеу және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша кең көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік аудит іс-шаралары аясында аудиторларға Әдеп кодексінің талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөнінде тұрақты түрде түсіндіру шаралары ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік кірістер органдары мандарының қатысуымен декларация тапсыру тәртібі бойынша семинарлар өткізіліп, қызметкерлерге әдістемелік қолдау көрсетілді.

Әдеп – мемлекеттік қызметшінің сыртқы келбетінен бұрын ішкі мәдениетін айқындайтын қасиет. Ұлы Абай: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» деген. Бұл қағида мемлекеттік қызметшіге де қатысты. Қызмет барысында азаматтарға құрметпен қарау,

әріптестермен сыйластық қарым-қатынас орнату, әділдік пен парасаттылық таныту – Әдеп кодексінің негізгі талаптарының бірі.

Сонымен қатар ұжымдағы моральдік-психологиялық ахуалды зерделеу мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері қызметкерлер арасындағы өзара құрмет пен түсіністікке негізделген тұрақты жұмыс ортасының қалыптасқанын көрсетті. Бұл – ұйымның ішкі мәдениетінің жоғары деңгейде екендігінің белгісі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын бұлжытпай орындау және қызметтік әдеп нормаларын сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің қасиетті міндеті. Өйткені халық сенімі – ең үлкен капитал. Ал сенімді сақтау үшін адал еңбек, жоғары жауапкершілік және мінсіз әдеп қажет.


Қоғамның сенімін ақтау, мемлекеттік қызметтің беделін арттыру және әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолында әрбір мемлекеттік қызметші өзінің кәсіби әрі адамгершілік ұстанымдарын берік сақтауы тиіс. Себебі адалдық үстемдік құрған жерде ғана әділет салтанат құрады, ал әділет салтанат құрған қоғамның болашағы әрқашан жарқын болады.

Мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі – жай ғана қызметтік талаптар жиынтығы емес, ол адалдық пен жауапкершіліктің, парасаттылық пен әділеттіліктің темірқазығы. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – заңның ғана емес, әр-оқданның да талабы. Халықтың сенімін арқаалаған мемлекеттік қызметші әрдайым өз ісімен өнеге көрсетіп, қоғам игілігі жолында қалтқысыз қызмет етуі тиіс. Өйткені адалдық үстемдік құрған ортада ғана сенім нығаяды, сенім бар жерде тұрақтылық пен даму орнығады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші әдептілік пен кәсібилікті өмірлік ұстанымына айналдырып, әділетті қоғам мен қуатты мемлекеттің қалыптасуына өз үлесін қосуы қажет. Себебі ел болашағының жарқын болуы – бүгінгі мемлекеттік қызметтің тазалығы мен абыройына тікелей байланысты.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясында осы жұмыстарды ұйымдастыру үшін әдеп жөніндегі үздік мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарды Қызылорда қаласы Ы.Жақаев №5 ғимаратта әр аптаның сейсенбі күні жұмыс уақытында жеке қабылдау жүргізіледі. Жұмыс телефоны: 8(7242) 27-62-05.

Бауыржан ПШАНОВ,
Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі, әдеп жөніндегі уәкіл

Бақұл бол, ардақты аға



Естудің де, қолтасудың да қиынай. Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Серікбаев Сәбит Қарібозұлы Алланың қузырына өтті.

Ол 1954 жылдың 25 қыркүйегінде Арал ауданының Авань ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ауылдың ақ құмына аунап өсіп, мектепті Жағаш ауданы, Шәменов ауылындағы №34 мектепте бітірді. 1971 жылы арман қуып Алматы қаласына барып, Ауыл шаруашылығы институтын 1976 жылы агроном мамандығы бойынша

бітірді. Еңбек жолын 1976 жылы Жағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында агроном болып бастады. 1979-1996 жылдары аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, бірінші хатшысы, Жаңаталап совхозының партия комитетінің хатшысы, Аққум совхозының директоры болып абыройлы қызмет атқарды. Ол жастарды егін, мал шаруашылығымен айналысуына жағдай жасап, ұйымдастырушылық қабілетімен облысқа үлгі болып, ауылды көркейтуге белсене араласты.

Кейін жекешелендіру басталып, түрлі салада жұмыс жасады. 2008-2010 жылдары Баймұрат ауылында әкімдік қызметте болып, 2017 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Ауыл шаруашылығы саласында атқарған еселі еңбегі бағаланып, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Сәбит Қарібозұлы отбасында ардақты әке, асыл жар, немерелеріне абзал ата еді. Марқұм ардагер ағамыздың жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын. Сіздің жарқын бейнеңіз жүрегімізде сақталады.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының ардагерлер кеңесі

Жарамсыз деп есептелсін

Мусаев Артур Мырзановичтің атына Қызылорда облыстық Полиция департаментінен берілген зейнеткерлік қуәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

/// САПАР

КӘРІ ҚҰРЛЫҚТЫҢ ТАЛҒАМПАЗ КӨРЕРМЕНИ

СЫР ӨНЕРПАЗДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Мәдени құндылықтар арқылы халықтың сан ғасырдан келе жатқан тұрмыс-салтын, өнерін, қолөнерін танауға болады. Оның ішінде, жыршылық, күйшілік, айтыс өнері сияқты ұлтымыздың дәстүрлі қазынасын дәріптеудің маңызы зор. Өйткені қай заманда да классиканың бағасы биік. Осынау мәдени құндылықтар аражігі үзілмеген сабақтастық арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетеді.

Биыл Сыр өнерпаздары ел аумағын айтпағанда, Еуропаның бірнеше еліне гастрольдік сапарға шығып, халықтың дәстүрлі өнерін жаһан жұртына насихаттады. Маңызы зор мәдени іс-шара талант иелерінің тынысын ашып, шығармашылығын шындай түскендей.

Әлемдік сахналарда қойылған концерттер жайлы Қызылорда облыстық филармониясының режиссері Азиза Іздікұловамен әңгімелескен едік.

Сыр өнерінің көкжиегі кеңейді

Бұған дейін де басылым бетінде жазып жүргеніміздей, кейінгі жылдары өнер мәдениетінің көкжиегі кеңейе түсті. Облыс әкімінің қолдауымен бастағы үш-төрт жылдың айналасында 20-дан астам мәдени нысан бой көтерді. Сәулеті бірі-бірінен өтетін «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», облыстық тарихи-өлкетану музейі, музыкалық колледжі, аудандарда салынған «Руханият орталықтары» тұрғындар үшін толассыз қызмет көрсететін бірегей мәдениет ордасына айналды. Заманауи жаңа ғимараттарда орналасқан өнер ұжымдарының шығармашылық мүмкіндігі де арта түсті.

Бұдан бөлек, қырықтан астам сала маманына қызметтік пәтер беріле, қалалық, аудандық Мәдениет үйлеріне музыкалық аспаптар табыс етілді. Сондай-ақ арнайы жоба аясында академиялық орындаушылар екі жыл қатарынан Италия мемлекетінде болып, опера майталмандарынан шеберлік дәріс алып, кәсіби қабілетін шыңдады. Нәтижесінде, олар өздері үйренген тәжірибені шәкірттеріне жеткізіп, өзара өнер сабақтастығы әрі қарай жалғасын табады.

Облыс басшылығы көрсеткен қолдаудың тағы бір көрінісі өнер ұжымдары үшін гастрольдік сапарлар аясы ұлғая түсті. Ең әуелі, еліміздің әр өңірінде Қызылорда облысының өнер күндері өте бастады. Алдымен Астана, Алматы қалаларында өтті. Айта кетейік, бұл қалаларда әлемдік деңгейдегі концерттер өтіп тұратындықтан, көрерменнің талғамы бөлек. Десек те екі қаланың халқы да Сыр өнеріне сүйсініп, ыстық ықыласымен қабыл алды. Сонымен қатар, Абай, Түркістан облыстарында, Шымкент қаласында өткен концерттер де көрерменнен жоғары баға алды.

Еуропа елдеріне сапар. Ел мерейі. Ерекше әсер

– Өнердің шығармашылық дамуының бір бағыты – гастрольдік сапарлар. Жоғарыда айттып өткеніміздей, мәдениет саласына деген қолдаудың



аясында Эстония, Финляндия, Испания мемлекеттерінің Хельсинки, Таллин, Мадрид қалаларында концерт беріп келдік. Сонымен бірге, қаншама келіссөз жүргізілді, яғни мәдени-шығармашылық байланыстар одан әрі нығая түсетініне сенім мол.

Ол жақта да қандастарымыз көп екен. Концертке, көрмелерге, салт-дәстүрді танытатын көріністерге, киім үлгілеріне, қолөнер бұйымдарына қызығушылық өте жоғары болды. Айта кетуіміз керек, біз тек Сыр өңірі емес, Қазақстан мемлекеті атынан бардық. Елшілік өкілдері, сонда тұрып жатқан қазақтар, жалпы тұрғындар қатысты. Өнер өкілдері ел көріп, жер көріп, көрермен қолөнерінен шабыт алып, шығармашылық тұрғыда шыңдалып қайтты, – дейді А.Іздікұлова.

Өткен жылы Республика күні және Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-не астана болғанына 100 жыл толуына орай Сыр өнерпаздары облыс әкімінің қолдауымен Швейцария мемлекетінің Женева және Берн қалаларында концерт берген болатын. Айта кетейік, осынау мәні терең мәдени сапар тек өнерпаздар ғана емес, жалпы Сыр өңірі халқының да рухын көтеріп, мерейін тасытқан еді. Өңгіме желісін осылай бұрдық.

– Жер жәннаты – Швейцария деп бекер айтпаса керек. Женева өзінің мөлдір көлімен, тәтті көшелерімен және тыныш, талғампаз болмысымен жанды баурап алды. Ал Берн қаласы орта ғасырлық келбетін жоғалт-

паған, өмірі қайнаған нағыз бизнес орталығы екен. Осындай ғажайып шаһарлардан басталған гастрольдік сапарымыз жуырда ғана барып қайтқан Францияның бас қаласы Парижде және әлемдегі жалғыз Ұлы Герцогтік Люксембургке ұласты.

Ең бір ұмытылмас сәт Париждегі Қазақстан елшілігінде өтті. Онда Еуропа қазақтарының басын қосқан үлкен жиын ұйымдастырылды. Бұл басқосу ұлттық рухтың салтанат құрған сәті болды. Көрме ұйымдастырылып, қазақтың қолөнері паш етілді, келген қонақтарға ұлттық тағамдарымыз ұсынылды. Шетелде жүрген қандастарымыз Сыр термелерін ерекше сағыныпты. Сұраушылар өте көп болды. Жыршыларымыз Бисенбек Төлеубай мен Жәнібек Жасқан тоқтамастан жыр тәгіп, дәстүрлі өнерді аңсаған бауырларымыздың құлақ құрышын қандырды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Өмзе бастаған ансамбль қазақтың фольклорлық музыкасын асқақтатты. Сыр өңірінің талантты жастары қазақ әндерін нақышына келтіре шырақанда, көрермендер қосыла кеткені өте әсерлі болды. Зал іші ыстық ықылас пен қуанышқа толды. Асқан жауапкершілік пен қазақ өнерінің қасиетті аманатын арқаалаған әріптестерім бұл сыннан мүдірмей өтіп, өз міндетін жоғары деңгейде атқарды десем артық айтпаймын, – деп әсерін білесті Азиза Гажденбекқызы.

Иә, сол концерттерде Қорқыттың қобзынан бастап домбыра, шаңқо-

быз, дауылпаз сияқты ұлттық аспаптармен қазақтың күйлері, жыр-термелері орындалды. Кәсіби әнші, бишілер де керемет өнер көрсетті. Көрермен қалауына сай әлемге танымал эстрада жұлдызы Димаш Құдайберганның репертуарындағы әндер орындалып, көпшілікті әдемі әсерге бөледі. Әсіресе, қазақтың салт-дәстүріне сай бесік жырын айту дәстүрін Еуропа тұрғындары ерекше қабылдады. Сондай-ақ қазақ бауырластар үшін қыз бен жігіт айтысы да қызықты болды.

Мәдениет – мәңгілік құндылық

Еуропа елдерінде өткен концерттерде ұлттық өнер, оның ішінде, Сыр өңірінің жыршылық-күйшілік шығармаларын, сүйелер мұрасын насихаттауға мән берілді.

Режиссер Азиза Гажденбекқызының айтуынша, әр сапарда Сыр өнерінің белгілі өкілдері Шолпан Биімбетова, Руслан Ахметов, Ақмарал Ноғайбаева бастаған «Жыраулар үйінің» дәстүрлі орындаушыларымен қатар, айтыскер акындар Мұхтар Ниязов, Бексұлтан Орынбасаров болып қайтты. Сондай-ақ Үміт Медеуова, Мақсат Мақұлбек-ов бастаған филармония солистері, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, Тұрмағамбет халық аспаптар оркестрі және Қорқыт сазы қобызшылар ансамблі артистерінен жасалған фольклорлық ансамбльдер, «Томирис», «Ай-Ару» би ансамбльдерінің хореографтары болды.

Әр сапардың ерекшелігіне қарай әртүрлі тақырып қамтылды. Айталық, бірінші сапарда Наурыз нақыштары дәріптелсе, екіншіде Республика күнін кең ауқымда насихаттауға назар аударылды. Ал үшінші жолы қазақ бауырлардың басқосуы болғандықтан халық әндері мен қазақ композиторларының шығармаларына басымдық берілді. Дей тұрғанмен, барлық концерттің репертуары ұлттық өнерімізден алыстаған жоқ. Ақын арнауы, ән айтыс, күй тартыс, жыр-терме, қазақ билері, Қорқыттың күйлері, халық әндері барлық концертте орындалды.

Иә, Азиза Іздікұловамен әңгімелесу кезінде өткен жылдарға да ой жіберіп, кеше мен бүгіннің айырмасын көңіл таразысына салып көрдік. Тәуелсіздік жылдары мәдениет саласы да өзге салалар секілді, тіпті одан да бетер қиындықтарды басынан өткерді. Аудан тарап кеткен, мәдениет ошактары ғимаратсыз қалған, ғимарат болған күнде жылуы, жарығы, жабықтары жоқ, жаппай штаттар қысқарған кездер болды. Өнерпаздар қолдан киім тігіп, көлік жалдап, гастрольге шығып, ақылы қызмет орындаған күндерін аға буын өкілдері әлі ұмыта қойған жоқ.

– Сол уақыттарда мәдениет құлдырап кетті дейміз, бірақ өнер адамдары құлдыраған жоқ. Тек материалдық құндылықтар ғана жетіспей жатты. Ал рухани құндылықтарды, яғни дәстүрлі әншілік, жыршылық, күйшілікті осынау өнер иелері өз бетінше насихаттай жүріп, жоғалтпай, бүгінге дейін сақтап келді. Олардың кейбірінің көзі кеткенмен, артында өлмес өнері қалды. Осындай сабақтастық арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі құндылықтың уақыт өткен сайын кәдірі артып, бағасы биіктей түсері хақ.

Осы тұрғыдан ойлап қарасақ, облыс басшылығының қолдауының нәтижесінде өнер мәдениетінің қазіргі деңгейі көз тойарлықтай, көңіл қуанарлықтай емес пе?! – дейді ол.

Түйін: *Тарих беттерін парақтасақ, кешегі кеңес дәуірінің ықпалы басым болып тұрған кездің өзінде Темірбек Жүргенов, Өзбекәлі Жәнібековтей тұлғалардың қайраткерлігімен қазақ мәдениетін көтеруде қарқынды жұмыстар атқарылған екен. Арада қанша жылдар өтсе де, оның игілігін бүгінгі ұрпақ көріп келеді. Сол сияқты, Сыр өңірі мәдениеті саласында жүзеге асырылған жобалардың нәтижесі де ұзақ уақытқа ұласатын жемісті қадам екені сөзсіз. Сондай-ақ ұлт мәдениетіне еткен еңбектің мәңгілік екеніне де дәлел болмақ.*

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ДУБІРЛІ ДОДАДА ДРАМА МЕН СЕНСАЦИЯ КӨП

Солтүстік Америкада өтіп жатқан FIFA 2026 Әлем чемпионаты қыза түсті. Топтық кезеңнің алғашқы матчтары жанкүйерлерге тартысқа толы кездесулер мен күтпеген нәтижелер сыйлауда.



С тобындағы алғашқы ойындарда жеңімпаз анықталған жоқ. Бельгия мен Египет құрамалары 1:1 есебімен тең түссе, Иран мен Жаңа Зеландия арасындағы кездесу 2:2 нәтижесімен аяқталды.

Ал Н тобында турнирдің алғашқы үлкен сенсациясы тіркелді. FIFA рейтингінің көшбасшысы Испания құрамасы Кабо-Верденің қорғанысын буза алмай, 0:0 есебіне қанағат білдірді. Кездесудің басты қаһарманы африкалық ұжымның қақпашысы Возинья болды. Ол матч барысында жеті бірдей қауіпті соққыны қайтарып, өз қақпасын аман сақтап қалды. Ойыннан кейін қақпашының әлеуметтік желідегі парақшасына 10 миллионнан астам адам жазылып, ол бір күнде әлемге танымал тұлғаға айналды.

Сауд Арабиясы мен Уругвай арасындағы тегісіз те жанкүйерлерді бейжай қалдырмады. Әлемнің алғашқы чемпиондарының бірі саналатын оңтүстік америкалықтар допка көбірек иелік еткеніне қарамастан, қарсыласын ұта алмады. Алдымен есепті араб футболшылары аша, уругвайлықтар 80-минутта таразы басын тентіріп үлгерді. Қорытынды нәтиже – 1:1.

І тобында Франция құрамасы Сенегалды 3:1 есебімен жеңіп, турнирді сенімді бастады. Кездесудің басты жұлдызы Килиан Мбаппе болды. Француз шабуылшысы екі мәрте мергендік танытып, ұлттық құрама тарихындағы үздік сұрмерген атанды.

Осы топтағы тағы бір ойында Норвегия Ирактан басым түсті. Эрлинг Холанд бастаған скандинавиялықтар қарсылас қақпасына төрт гол соғып, 4:1 есебімен жеңіске жетті. Оның екеуін Холанд өз еншісіне жазды.

І тобында қазіргі Әлем чемпионы Аргентина жорығын жарқын жеңіспен бастады. Алжир қақпасына жауапсыз үш доп соғылған матчта Лионель Месси хет-трик авторы атанды. Осылайша аргентиналық шабуылшы Әлем чемпионаттары тарихындағы ең ерте жасағаны хет-трик жасаған футболшы ретінде тіркелді. Сонымен қатар оның мундиальдардағы гол саны 16-ға жетіп, неміс аңызшы Мирослав Клоземан теңесті. Бұл көрсеткішке жету үшін Месси алты Әлем чемпионатына қатысты.

Турнир дебютанты Иордания құрамасы алғашқы ойынында Австрияға 1:3 есебімен жеңіп берді. Соған қарамастан, араб елінің футболшылары тарихи додадағы алғашқы қадамдарын жасады.

Алда К және L топтарының кездесулері өтеді. Одан кейін жанкүйерлерді тағы екі турлық қызықты бәсекелер күтіп тұр.

Қызықты деректерге көз жүгіртсек, FIFA 2026 Әлем чемпионатына бұған дейін Әлем чемпионы атанған 22 футболшы қатысып жатыр. Турнирде өнер көрсететін 892 ойыншы мундиаль алаңына алғаш рет шықса, 357 футболшы бұған дейін де Әлем чемпионаттарында тәжірибе жинаған. Transfermarkt мәліметінше, жарыстағы ең қымбат құрам Францияға тиесілі. Француз футболшыларының жалпы нарықтық құны 1,52 миллиард еуроға бағаланады. Ал ең арзан құрам Катар құрамасы саналады. Оның ойыншыларының жалпы құны 19,9 миллион еуроға құрайды.

Жас ерекшелігі бойынша ең жас команда – Кот-д'Ивуар. Африкалық құраманың орташа жасы 25,9 болса, ең тәжірибелі ұжымдар қатарында Панама мен Иран бар. Бұл командалар ойыншыларының орташа жасы 30,4-ке тең. Биылғы дүниежүзілік біріншілікте әлемнің 71 еліндегі 449 клубтың өкілдері бақ сынауда. Сондай-ақ Оңтүстік Америка, Кабо-Верде және Кюрасао құрамалары өз тарихында алғаш рет Әлем чемпионатының финалдық кезеңіне қатысып, жаңа белесті бағындырды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboiy.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландырған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.